

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2007 жылғы 1 қаңтардағы)

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 78 филиалы мен 77 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және Қарағанды қаласында 1 қор («Валют-Транзит Қоры» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ), Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

Заңды тұлғаларға 2006 жылғы желтоқсан айында зейнетақы жарналарын тарту бойынша және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілмеді.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны желтоқсан айында 52 494 (0,62%-ға) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8 536 102 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: «МЖЗҚ» – 27,85%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,01%, «ҰларҮміт» – 15,16%, «Валют-Транзит Қор» - 8,37% және «БТА Қазақстан» – 8,35% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 79,74% келеді. Ағымдағы жылдың бірінші қарашасымен салыстырғанда 5 қордың үлесі 0,11 пайыздық пункттерге төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны желтоқсан айында 69 (0,21%) өсті, 2007 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 607,8 млн.теңгені құрап 32 979 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 58,68%, «ҰларҮміт»- 18,24% және «Капитал» – 14,40% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 91,32 % келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007жылғы 1-қаңтарында 3 752 құрады, салымшысының дербес зейнетақы шотында 33,2 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.12.05ж.	01.12.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
-міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 613 369	8 536 102	922 733	12,12
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 336	32 979	643	1,99

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары желтоқсан айында 47,0 млрд. теңгеге (5,45%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 909,7 млрд. теңге құрады. 2006 жылда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасы 261,1 млрд.теңгеге ұлғайды немесе 2005 жылдағы жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсімінен 1,6 есе көп.

2005 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімінің сомасы 13,7 млрд. теңге болса, 2006 жылы ол 21,6 млрд. теңге құрады.


Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің соңғы 5 жылдары мынадай деректермен Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің соңғы 5 жылдары мынадай деректермен сипатталады:

(в млрд. теңге)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
на 01.01.2003	269,8	87,4	47,92
на 01.01.2004	368,3	98,5	36,51
на 01.01.2005	484,0	115,7	31,41
на 01.01.2006	648,6	164,6	34,01
на 01.01.2007	909,7	261,1	40,26

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында 2003-2005 жылдары олардың өсу қарқынының төмендегенін байқауға болады. Бірақ 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны 2,60 пайыздық тармаққа ұлғайды және 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдайды 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 6,25 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 27,71%, «МЖЗҚ» – 17,99%, «ҰларҮміт» – 17,60%, «БТА Қазақстан» – 9,21% және «ГРАНТУМ» - 6,47% жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,98 % келді немесе өткен жылдың 1 желтоқсанымен салыстырғанда үлесі 0,58 пайыздық тармаққа ұлғайды.

2007 жылғы 1 қаңтардағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 64,82%-ға өсіп 2007 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша 255,7 млрд. теңге болды.

2006 жылда «таза» инвестициялық кіріс сомасы 100,6 млрд.теңге құрады немесе 2005 жылы салымшылар (алушылар) шотына есепке алынған «таза» инвестициялық кірісімен (40,4 млрд. теңге) салыстырғанда 2,5 есе көп болғанын атап өту қажет.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

:

(в млрд. теңге)				
Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.01.2003	77,9	28,4	57,37	28,87
01.01.2004	99,2	21,3	27,34	26,93
01.01.2005	114,7	15,5	15,63	23,70
01.01.2006	155,1	40,4	35,22	23,91
01.01.2007	255,7	100,6	64,86	28,11


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің көлемі 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап өсу қарқыны ұлғайғаны байқалады. Бірақ, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2005 жылдың 1 қаңтармен салыстырғанда 19,59 пайыздық тармаққа ұлғайды және 2006 жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29,64 пайыздық тармаққа ұлғайды.

2004 жылы 1,3 млрд.теңгеге орташа айлық «таза» инвестициялық кіріс сомасының ұлғайуы бойынша 2005 жылы - 3,4 млрд.теңге, 2006 жылда бойынша 8,4 млрд.теңгені құрағанын атап өту қажет.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылда 4,20 пайыздық тармаққа ұлғайып, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 28,11% құрады.

Желтоқсан айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 18,6 млрд. теңгеге (2,80%) өсіп, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 683,9 млрд. теңге болды. 2006 жылда салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 171,5 млрд. теңге сомасында зейнетақы жарналары түсті немесе өткен 2005 жылда салымшылар (алушылардың) зейнетақы шоттарына түскен зейнетақы жарналарына (132,4 млрд.теңге) қарағанда 39,1млрд.теңгеге көп.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде. Ол 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5,4 млрд. теңге болды немесе 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 38,86%-ға өсті. 2006 жылда салымшылар (алушылар) шоттарында өсімпұл 1,5 млрд.теңге сомасында енгізілген.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары желтоқсанда 0,9 млн.теңгеге (1,96 %), өсіп, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 47,9 млрд. теңге болды, оның ішінде жалпы сомасы – 0,11 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды. 2006 жылда зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары 12,1 млрд. теңге құрады.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы 2006 жылда 40,9 млрд.теңгеге (42,42%) өсіп, 2007 жылғы 1 қаңтарда 137,3 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 40,92%, «ҰларҮміт» - 14,03%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,29%, "Валют-Транзит Фонд" – 9,06%, «БТА Қазақстан» - 6,38% «ГРАНТУМ» - 6,02% және немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,70% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 264 866 млн. теңгеге немесе 40,74%-ға өсіп 915 065 млн. теңге болды.

2007 жылғы 1 қаңтар және 2006 жылғы 1 қаңтар аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 22,1млрд. теңге болды.

Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. тенге	%-бен
1	2	3
"Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	254 339	27,79
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	165 133	18,05
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	160 783	17,57
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	160 783	17,57
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	84 073	9,19
"Baiyuk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	73 899	8,08
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	4 269	0,47
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 346	2,33
«СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	35 520	3,88
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 764	1,39
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	58 947	6,44
«Грантум» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	58 947	6,44
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	35 321	3,86
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	35 321	3,86
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	22 922	2,50
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 922	2,50
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	20 149	2,20
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 818	2,17
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	19 681	2,15

"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 681	2,15
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ:	915 065	100,00

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 263 055 млн. теңгеге немесе 41,43%-ға өсіп, 2007 жылғы 1 қаңтарда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 897 997 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.01.2007ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	212 036	23,61
ҚР еврооблигациялары	699	0,08
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	174 709	19,45
Ұлттық Банктің ноттары	36 628	4,08
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	70 887	7,89
акциялар	538	0,06
облигациялар	70 349	7,83
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	61	0,01
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	206	0,02
Тазартылған алтын	4 522	0,50
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	464 198	51,70
акциялар	211 094	23,51
облигациялар, оның ішінде	253 104	28,19
АҚШ долларына номинирленген	1 455	0,16
теңгеге номинирленген	250 673	27,91
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	146 087	16,27
жиынтығы:	897 997	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 820 млн. теңгеге немесе 0,39%-ға азайып, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 212 036 млн.теңге немесе 23,61% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылда 204 177млн. теңге немесе 78,52% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 33 747 млн.теңгеге немесе 30,04%-ға ұлғайып 146 087 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 206 млн.теңге (0,02%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 7,89% болды, бұл 2006 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 5,95 пайыздық тармаққа көп.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер Сведения о коэффициенте номинального дохода фондов

Қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 қаңтардағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2001 жылғы желтоқсан – 2006 жылғы желтоқсан кезеңіне - 50,64%;

- 2003 жылғы желтоқсан – 2006 жылғы желтоқсан кезеңіне – 25,38%;
 - 2005 жылғы желтоқсан – 2006 жылғы желтоқсан кезеңіне – 12,69% құрады
 ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz)
 Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

2006 жылда қорлардың қаржылық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млн.теңге)

	01.01.06 ж.	01.01.07 ж.	Өсім (%-бен)
Жарғылық капитал	6 198,9	8 501,0	37,14
Қалыптасқан резерв капиталы	1 436,9	1 706,2	18,74
Есептік кезеңнің (1 жыл) бөлінбеген кірісі (шығысы)	3 608,8	9 137,4	2,5 есе
Меншік капитал барлығы	11 638,6	23 137,2	2,0 есе
Міндеттемелер	669,4	1 366,9	2,0 есе
Активтердің барлығы	12 308,0	24 504,1	2,0 есе
Қаржылық инвестициялар	8 623,2	13 891,7	1,6 есе

Берілген кестеде қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылда 11 498,6 млн. теңгеге өсіп 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 23 137,2 млн. теңге болды, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 8,5 млрд. теңге немесе меншікті капитал көлемінің 36,80% болғаны көрінеді.

2006 жылда барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» қордан басқа (шығын - 22,0 млн.теңге) және «Валют-Транзит Қор» (шығын- 65,7 млн.теңге) қорлардан басқа жалпы сомасы 9 137,4 млн.теңгеге таза кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін), соның ішінде таза кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «Қазақстан Халық Банкі» - 41,42%, «МЖЗҚ» - 20,29%, «БТА Қазақстан» - 19,60% және «ҰларҮміт» - 8,82% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 90,13% болды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07
ЖІӨ млрд.теңге ¹	3 747,2	4 612,0	5870,1	7 453,0	8 725,0
Зейнетақы активтерінің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,21	7,99	8,25	8,91	10,49
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,20	7,99	8,24	8,70	10,43
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,22	5,99	6,48	6,88	7,84
«таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,08	2,15	1,95	2,08	2,93
Қорлардың меншіктік капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,11	0,14	0,14	0,16	0,26

¹ Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша.